

Акционерлік қоғам акционерлерінің бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқықтарын іске асыру және одан бас тарту қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 13 ақпандағы № 31 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 15 наурызда № 7460 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 253 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 253 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 250 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Акционерлік қоғам акционерлерінің бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқықтарын іске асыру және одан бас тарту қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 250 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы

Г. Марченко

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 13 ақпандағы
№ 31 қаулысымен бекітілді

Акционерлік қоғам акционерлерінің бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру және одан бас тарту қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 250 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Қағидалар "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамын қоспағанда, акционерлік қоғам (бұдан әрі – қоғам) акционерлерінің қоғамның жарияланған акцияларын немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды, сондай-ақ қоғам бұрын сатып алған, қоғам сататын көрсетілген бағалы қағаздарды (бұдан әрі – орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздар) басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру және одан бас тарту тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 250 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қоғамның бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқықтарына сәйкес қоғамның акционерлеріне орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарды иелену ұсыныстарын қоғам өз акционерлерінің назарына қоғамның жарғысында қарастырылған мынадай әдістердің бірімен:

1) осы Қағидаларының 5-тармағына сәйкес тіркеушінің қоғамға ұсынған тізіміне сәйкес қоғамның әрбір акционеріне көрсетілген ұсыныстан тұратын жеке жазбаша хабарламаны (бұдан әрі - жазбаша хабарлама) жіберу көмегімен.

2) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Акционерлік қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдары және оларға қойылатын талаптар туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы № 311 қаулысымен (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3860 тіркелген) және қоғамның жарғысымен белгіленген талаптарға жауап беретін бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетілген ұсынысты жариялау арқылы жеткізеді.

Егер қоғамның акционері орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ол туралы мәліметтер жоқ номиналды ұстаушының клиенті болып табылған жағдайда, қоғам акционерлеріне олардың бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарды сатып алуға ұсынысты қоғам өз акционерлеріне бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы жеткізеді.

3. Жазбаша хабарламада немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдарда мынадай ақпараттар көрсетілуі тиіс:

1) орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздардың саны мен түрі;

2) олардың түрлері бойынша орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздардың санына орналастырылған акциялар (қоғам сатып алғандарды шегергенде) санының ара қатынасы;

3) Заңның 16-бабының талаптарын есепке ала отырып орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарды сатып алу шарттары;

4) осындай шешімді қабылдауға уәкілетті қоғам органы белгілеген орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарды орналастыру (сату) бағасы;

5) почталық мекен-жайы, мыналарды:

қоғамның бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқықтарына сәйкес орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарды сатып алу мәселелері бойынша қоғам акционерлерімен осындай әрбір почта мекен-жайлары арқылы қарым-қатынас жасайтын тұлғалардың фамилиясы, аты (бар болса - әкесінің аты) байланыс деректемелерін;

андеррайтер немесе эмиссиялық консорциум арқылы қоғамның орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарын орналастыру (сату) кезіндегі андеррайтердің (эмиссиялық консорциумның) атауын көрсете отырып, осы бойынша акционер орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарды алуға өтінім бере алады.

4. Заңның 16-бабында белгіленген сатып алу шарттарына сәйкес қоғамның орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарын сатып алуға қажетті жеткілікті мөлшердегі акциялары жоқ акционер орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарды басқа акционерлік қоғамдармен жалпы меншік құқығында сатып алуына болады.

5. Орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына ие акционерлердің тізімін қоғамның уәкілетті органының қоғамның бағалы қағаздарды орналастыру (сату) туралы қабылданған шешімнің басталатын күніне (00 сағат 00 минут) қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдері жүйесінің деректері негізінде қоғамның жазбаша өкіміне сәйкес тіркеуші жасайды.

6. Басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес акционердің орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарды сатып алуға өтінім (бұдан әрі - өтінім) бере алатын мерзім ішінде қоғамның жазбаша хабардар етуін немесе бұқаралық ақпарат құралдарында қоғамның бағалы қағаздарды орналастыру (сату) туралы жарияланғанын акционердің алған күнінен бастап отыз күнтізбелік күнді құрайды.

Қаржы ұйымының акционері жарияланған акцияларды орналастыруға, сондай-ақ қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органының талабы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген пруденциалдық және өзге нормалар

мен лимиттерді орындау мақсатында бұрын сатып алынған акцияларды сатуға ниеті бар өтінімді және жазбаша бас тарту бере алатын мерзім ішінде қоғамның жазбаша хабардар етуін немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғанын акционердің алған күнінен бастап бес жұмыс күнді құрайды.

7. Осы Қағидаларының 5-тармағына сәйкес тіркеуші тізім жасаған күннен басталған кезеңдегі акциялардан қоғамның акционерін иеліктен айырған кезде және қоғамның бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес бағалы қағаздарды сатып алуға өтінімдер беру үшін осы акционерге беріліп отырған осы Қағидаларының 6-тармағында белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін , егер акцияның бұрынғы иесі мұндай өтінімді бермеген жағдайда, аталған құқық акцияның жаңа меншік иесіне көшеді.

Мұндай жағдайда акцияның жаңа иесі басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарды сатып алу өтініміне қоғамның акцияларына иелік ету құқығын растай отырып, бағалы қағаздарды ұстаушылар (орталық депозитарийлерді есепке алу жүйесі) тізілімі жүйесінен алынған үзінді көшірмені қоса ұсынады және өтінімде акцияның бұрынғы иелері болып табылатын жеке тұлғаның не заңды тұлғаның фамилиясын, атын (бар болса - әкесінің атын) көрсетеді.

Егер акциялардың бұрынғы меншік иесі номиналды ұстаушының клиенті болып табылған жағдайда, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ол туралы мәліметтер жоқ болса, онда акциялардың жаңа меншік иесі басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарды сатып алу өтініміне қоғам акцияларына иелік ету құқығын растай отырып, бағалы қағаздарды ұстаушылар (орталық депозитарийді есепке алу жүйесі) жүйесінің үзінді көшірмесін қосып, сондай-ақ егер акцияның бұрынғы иесінің мұндай өтінімді бермегендігін растап, орталық депозитарийден хабарлама ұсынады.

Қоғам тіркеушісі (номиналды ұстаушы) осы Қағидаларының 6-тармағында көрсетілген мерзім ішінде қоғамның бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерін тіркеу кезінде акцияның жаңа меншік иесін қоғамның акцияларын орналастыру (сату) туралы хабардар етеді. Осы мерзімді есептеу туралы ақпаратты қоғам тіркеушісіне бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу бойынша шартпен белгілеген мерзімде ұсынады.

8. Қоғам акционерінің өтінімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) қоғам акционері сатып алуға ниет білдірген бағалы қағаздардың саны және түрі;

2) акционер не қоғам акционері жеке тұлға болып табылған жағдайдағы оның уәкілетті өкілінің тегі, аты (бар болса - әкесінің аты), жеке басын куәландыратын құжаттың, мекен-жайының деректемелері, қолы;

3) заңды тұлғаның атауы, тұратын жері және мөрі, оның бірінші басшының не егер акционерлік қоғам заңды тұлға болып табылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның мүдделерін білдіруге уәкілетті өзге де тұлғаның қолы.

9. Егер қоғамның акционері номиналды ұстаушының клиенті болған жағдайда, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ол туралы мәліметтер жоқ болса, акционердің жазбаша өтінімі негізінде құрастырылған номиналды ұстаушының жазбаша тапсырмасына сәйкес осы Қағидаларының 6-тармағында көрсетілген мерзімде орналастырылған (сатылатын) бағалы қағаздарды сатып алуға өтінімді орталық депозитарий ұсынады.

Орталық депозитарий ұсынған өтінімде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) орталық депозитарийдің клиенттеріне тиесілі бағалы қағаздардың саны және түрі;

2) орталық депозитарийдің клиенттері сатып алуға ниет білдірген бағалы қағаздардың саны және түрі;

3) орталық депозитарийдің атауы, орналасқан жері және мөрі, оның бірінші басшысының не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның мүдделерін білдіруге уәкілетті өзге де тұлғаның қолы.

10. Осы Қағидаларының 9-тармағында көзделген жағдайдағы жазбаша нысанда жасалған басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарды сатып алуға қоғам акционерінің не орталық депозитарийдің өтінімі оның тапсырылғандығы туралы хабарламамен бірге тапсырыс-хатпен жіберіледі не жазбаша хабарламада немесе бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымда көрсетілген мекен-жай бойынша акционер немесе оның уәкілетті өкілі өз қолына береді. Акционер немесе оның уәкілетті өкілі өз қолына берген жағдайда өтінім екі данада жасалады және өтінімнің екінші данасына оның алынған күні мен уақыты, оны алған адамның фамилиясы, аты (бар болса - әкесінің аты) және қойған қолы көрсетіле отырып белгі қойылады.

Егер қоғам акционері не орталық депозитарий берген өтінім, осы Қағидаларының 9-тармағында көзделген жағдайда, осы Қағидаларының талаптарын бұза отырып жасалған болса, қоғам (андеррайтер, эмиссиялық консорциум) ондай өтінімді анықталған бұрмалаушылықтарды жою және осы Қағидаларының 6-тармағында көрсетілген мерзім шегінде өтінімді қайтадан беру үшін қоғам акционеріне не орталық депозитарийге қайтарады.

11. Осы Қағидаларының 9-тармағында көзделген жағдайда, қоғамның акционерлері мен орталық депозитарийден осы Қағидаларының 6-тармағында көрсетілген мерзімі аяқталғанға дейін басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарды сатып алуға өтінімдер

түскеннен кейін қоғам (андеррайтер, эмиссиялық консорциум) осы өтінімдерді орындайды.

12. Қоғамның акционерлері, сондай-ақ орталық депозитарий осы Қағидаларының 9-тармағында көзделген жағдайда, өтінімдерін осы Қағидаларының 6-тармағында көрсетілген мерзімде ұсынбаса, онда қоғам (андеррайтер, эмиссиялық консорциум) көрсетілген мерзім өткен соң бағалы қағаздарды орналастырады (сатады).

13. Қоғамның акционері, сондай-ақ орталық депозитарий осы Қағидаларының 9-тармағында көзделген жағдайда қоғамға басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарды сатып алудан жазбаша бас тартуды (бұдан әрі – жазбаша бас тарту) бере алады.

Акционердің қоғамға жазбаша бас тартуды беруі осы Қағидаларының 6-тармағында көзделген мерзімде жүзеге асырылады.

Қоғам акционерінің не орталық депозитарийдің жазбаша бас тартуы осы Қағидаларының 10-тармағында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

Қоғам акционері ұсынған жазбаша бас тартуында мынадай мәліметтер көрсетіледі:

қоғам акционері сатып алуға құқылы бағалы қағаздардың саны және түрі;

қоғам акционері басымдықпен сатып алу құқығын жүзеге асырудан бас тартқан жағдайдағы бағалы қағаздардың саны және түрі;

акционер не қоғам акционері жеке тұлға болып табылған жағдайдағы оның уәкілетті өкілінің тегі, аты (бар болса - әкесінің аты), жеке басын куәландыратын құжаттың, мекен-жайының деректемелері, қолы;

заңды тұлғаның атауы, тұратын жері және мөрі, оның бірінші басшының не егер акционерлік қоғам заңды тұлға болып табылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның мүдделерін білдіруге уәкілетті өзге де тұлғаның қолы.

Егер қоғамның акционері номиналды ұстаушының клиенті болған жағдайда, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ол туралы мәліметтер жоқ болса, акционердің жазбаша бас тарту негізінде құрастырылған номиналды ұстаушының жазбаша тапсырмасына сәйкес осы Қағидаларының 6-тармағында көрсетілген мерзімде бағалы қағаздарды сатып алуға өтінімді орталық депозитарий ұсынады.

Орталық депозитарий ұсынған жазбаша бас тартуында мынадай мәліметтер көрсетіледі:

номиналды ұстаушының клиенттеріне тиесілі бағалы қағаздардың саны және түрі;

номиналды ұстаушының клиенттері сатып алуға құқылы бағалы қағаздардың саны және түрі;

номиналды ұстаушының клиенттері басымдықпен сатып алу құқығын жүзеге асырудан бас тартқан жағдайдағы бағалы қағаздардың саны және түрі;

орталық депозитарийдің атауы, тұратын жері және мөрі, оның бірінші басшының не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның мүдделерін білдіруге уәкілетті өзге де тұлғаның қолы.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы акцияларды жарияланған акцияларының саны шегінде орналастыру (сату) туралы шешім қабылдаған жағдайда, акционерлер осы жалпы жиналыста орналастырылатын акцияларды басымдықпен сатып алу құқығынан жазбаша бас тартуды бере алады.

14. Акционер басымдықпен сатып алу құқығы бойынша орналастырылатын (сатып алынатын) бағалы қағаздардың ақысын төлеуді оларды сатып алуға өтінім берген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырады. Қоғамның жарғысымен акциялардың ақысын төлеудің өзге де мерзімі көзделуі мүмкін, ол акциялар орналастырыла бастаған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен аспауға тиіс.

Қаржы ұйымының басымдықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын акцияларына ақы төлеуді акционер оларды сатып алуға өтінім берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Акциялардың немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың ақысын төлемеген жағдайда аталған мерзім аяқталғаннан кейін өтінім жарамсыз болып есептеледі.

Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде белгіленген басымдықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын акциялардың немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың ақысын төлеу мерзімдері бойынша талаптар Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық мемлекеттік меншікке иелік етуге уәкілеттік берген мемлекеттік органның акцияларды сатып алу жағдайларына қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық мемлекеттік меншікке иелік етуге уәкілеттік берген мемлекеттік орган басымдықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алатын акциялардың немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың ақысын төлеуді оларды сатып алуға өтінім берген күннен бастап он екі ай ішінде жүзеге асырады.

15. Акциялардың немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың осы баптың 14-тармағында белгіленген мерзім өткенге дейін ақысын төлемеген жағдайда өтінім жарамсыз болып саналады.

16. Осы Заңның 83-бабында көзделген тәртіппен оған басқа қоғам қосылған кезде қоғамның акцияларын орналастыру (өткізу) кезінде қоғамның акционерлеріне басымдықпен сатып алу құқығы берілмейді.

Күші жойылды деп танылған нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Акционерлік қоғам акционерлерінің бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқықтарын іске асыру қағидаларын бекіту туралы" 2006 жылғы 12 тамыздағы № 151 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 4380 тіркелген, 2006 жылғы 29 қыркүйекте "Заң газеті" газетінде № 174 (980) жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Акционерлік қоғам акционерлерінің бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқықтарын іске асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 12 тамыздағы № 151 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" 2009 жылғы 26 қыркүйектегі № 210 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 5842 тіркелген, 2009 жылғы 10 желтоқсанда "Заң газеті" газетінде № 189 (1612) жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 1 наурыздағы № 21 қаулысының 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 6155 тіркелген, 2010 жылғы 30 қазанда "Егемен Қазақстан" газетінде № 450-451 (26294) жарияланған).